

Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 10 маусымдағы № 427 қаулысы.

"Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 1-бабының 13) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрлігі "Аймақтық гидрогеологиялық-мелиорациялық орталық", "Оңтүстік Қазақстан гидрогеологиялық-мелиорациялық экспедициясы", "Қызылорда гидрогеологиялық-мелиорациялық экспедициясы" республикалық мемлекеттік мекемелеріне (бұдан әрі – мекемелер) қатысты мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылық ету жөніндегі уәкілетті орган болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрлігі Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) мекемелердің атауын өзгертуді;
- 2) мекемелердің жарғыларын бекітуді;
- 3) мекемелерді әділет органдарында мемлекеттік қайта тіркеуді;
- 4) осы қаулыдан туындайтын өзге де шаралардың қабылдауын қамтамасыз етсін.

3. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2025 жылғы 10 маусымдағы
№ 427 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310 қаулысында: көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі туралы ережеде:

15-тармақта:

27) тармақша алып тасталсын;

- 29) тармақша алып тасталсын;
- 45) тармақша алып тасталсын;
- 51) тармақша алып тасталсын;
- 52) тармақшаның алтыншы абзацы алып тасталсын;

Министрліктің және оның ведомстволарының қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің тізбесінде:

6, 7 және 8-тармақтар алып тасталсын.

2. "Министрліктердің аумақтық органдары мен оларға ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердегі адам саны ескерілген штат санының лимиттерін бекітудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 сәуірдегі № 339 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген министрліктердің аумақтық органдары мен оларға ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердегі адам саны ескерілген штат санының лимиттерінде, сондай-ақ министрлер орынбасарларының шекті санында:

қызмет бабында пайдалану үшін.

3. "Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 863 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрлігі туралы ережеде:

15-тармақ мынадай мазмұндағы 156-5), 156-6) және 156-7) тармақшалармен толықтырылсын:

"156-5) суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйіне мониторинг жүргізу және оны бағалау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

156-6) мына:

ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын;

суарудың су үнемдейтін технологияларын ендіруге бағытталған инвестициялық салымдар кезінде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

156-7) суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйіне мониторинг жүргізуді және оны бағалауды ұйымдастырады;"

мынадай мазмұндағы бөліммен толықтырылсын:

"Министрліктің қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің тізбесі

1. Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің " Аймақтық гидрогеологиялық-мелиоративтік орталық" республикалық мемлекеттік мекемесі.

2. Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің "Оңтүстік Қазақстан гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

3. Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің "Қызылорда гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясы" республикалық мемлекеттік мекемесі."

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК